

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-
ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ**

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ

ДІНТАНУ КАФЕДРАСЫ



**АХМЕТ ЯСАУИ
УНИВЕРСИТЕТІ**

**«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»
БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН
«ОРТА АЗИЯДАҒЫ ИСЛАМИ ТАНЫМНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ»**

АТТЫ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ МАТЕРИАЛДАРЫ

16 қазан, 2018 жыл

Түркістан - 2018

МАЗМҰНЫ

1 Досай Кенжетай. Біздің жолымыз - «Ханафи мазхабы».....	4
2 Матибаева Р. Наследие имама Абу Ханифы.....	18
3 Зиёдов Ш. Мусульманские источники по истории Средней Азии периода присоединения её к России	22
4 Мухамадиев О. The Contribution of Alouddin Usmandi Samarkandi to the development of Islamic Sciences	31
5 Абжалов С. Орта Азиядағы ислам тарихы және ханафилік дәстүр.....	36
6 Байтенова Н.Ж. «Әһли-сунна» жолының қалыптасуы және Әбу Ханифа ілімі.....	42
7 Умаров Ш. Famous muhaddiths of Central Asia.....	48
8 Шәкизада С. Ислам дініндегі тәбәрік ұғымының қазақ халқының діни танымындағы көрінісі	52
9 Қаратышканова Қ.Қ. Орталық Азия аймағындағы дәстүрлі діни білім беру және ханафилік	59
10 Нурматов Ж.Е. Орта Азиядағы ханафи ғалымдары.....	63
11 Мырзабеков М. Орта Азиядағы діндер мен мазхабтар тарихында Матуриди ілімінің орны.....	70
12 Мирзагелдиев Б. Орынбор муфтилігінің алғашқы мүфтиі Мұхамеджан Хусайновтың қазақ даласындағы қызметі	76
13 Сандыбаев Ж. Әл-Фарабидегі «Бірінші басшы»	81
14 Абдрахманова Л.А. Ислам діні мен қазақ халқының салт-дәстүріндегі бала тәрбиесі.	87
15 Алиева А. Положение женщины в исламских государствах	91
16 Байтенова Н.Ж., Камалова Ф.Б. Сыр өңіріндегі тұңғыш мұсылмандық кесенелер	100
17 Байтенова Н. Ж., Шойбек Б. Современные формы проявления религиозного экстремизма и терроризма в условиях глобализации.....	106

СЫР ӨңІРІНДЕГІ ТҰҢҒЫШ МҰСЫЛМАНДЫҚ КЕСЕНЕЛЕР

*Байтенова Н.Ж., ф. э. д., профессор,
дінтану және мәдениеттану кафедрасы,
ал-Фараби атындағы Қаз ҰУ
Камалова Ф.Б., «Дінтану»
мамандығының докторанты,
дінтану және мәдениеттану кафедрасы,
ал-Фараби атындағы Қаз ҰУ*

Бастауын ежелден алған, XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырға жататын, өзіндік архитектуралық ерекшелігі бар қазақ мавзолейлері, мешіттері және мұнаралары Орта Азия және Қазақстан архитектурасында ғылыми қызығушылық туғызып отырған қазақ халқының ерекше архитектуралық туындылары Сырдың қасиетті жерлерінің географиясын байыта түсері сөзсіз. Ежелгі дәуірлерден өркениет ізі өшпеген Сырдың бойы әр төбесі қасиетті жер болып табылады.

«Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады, оны халықтың әрбір азаматы біледі. Бұл – рухани дәстүрдің басты негіздерінің бірі», – деген еді Елбасы өз мақаласында.

Міне, көне заманнан өркениет ізі өшпеген Сырдың бойы қасиетті жер болып табылады. Сол себепті, тарих көзімен қарағанда кешегі, яғни кейінгі ортағасырлық пантеонға айналған ірі қорымдар немесе киелі саналып кеткен тарихи орындарға тоқталмас бұрын өңіріміздің киелі (қасиетті) орындарының орналасуы, мерзімделуі және ерекшеліктерін талдауды жөн санадық.

Бұл кезеңге жататын Қызылорда облысы аймағында бірнеше жүздеген қасиетті орындар бар. Соларды қысқаша талдап, алдыңғы зерттеулерге тоқталсақ.

Мемориалды-ғұрыптық құрылыстардың (туыстық қорымдар (молалар) және ірі туыстық жерлеу қорымдары) Арал маңындағы малшы-көшпенділердің индикаторы ретінде тарихи маңызы зор. XIV-XVII ғасырларда қазақ халқының ғұрыптық сәулет өнері: тастан жасалған, қамкесектен және күйдірілген кірпіштен тұрғызылған кесенелер, «төртқұлақ» түріндегі қоршаулар, саркофаг-жәшіктер, бағана тастар (құлпытастар) және т.б. мемориалды-ғұрыптық кешеннің қалыптасуына негіз болды.

Ғұрыптық құрылыстардан Ақтас, Балдық және Қалжан ахун мешіттері қызығушылық тудырады. Ақтас мешіті Сырдарияның төменгі ағысы бойындағы монументалды-күмбезді құрылыс болып табылады. Мешіттің ғимараты күйдірілген кірпіштен тұрғызылып, негізгі жоспарында шаршы пішінді болып келеді. Қазіргі кезде ғимараттың ішкі көрінісіне өзгерістер енгізілген.

Сырдарияның төменгі ағысындағы белгілі Қалжан ахун мешіті өзі қайтыс болғаннан кейін жанұялық қабірге айналған. Ескерткіш – зор көркемдік және тарихи маңызға ие.

Дала күзетшісі секілді алыстан мұнарланып тұратын мұнаралар Сырдың төменгі ағысы аймақтарында ғана кездеседі. Олардың саны 50-ге жуық. Мұнараларға ғылыми-зерттеулер жүргізген архитектор Э.Байтенов оларды тек Сыр өңіріне ғана тән екендігін айтады. Бегім ана, Сараман Қоса және Ұзынтам мұнараларын бүгінде халық киелі санап кеткен [1, 155-157 бб.].

Ортағасырлық кесенелер қатарында – Оқшы ата, Асан ата, Жүніс ата, Қасым ата кесенелерінен сәулет өнерінің ерекше белгілерін байқауға болады. Алғашқы екі ескерткіш Сырдарияның төменгі ағысындағы (XI-XII ғасырлар) тұңғыш мұсылмандық кесенелердің қатарында және құндылығы жағынан зор маңызға ие. Қызылордадан Сығанаққа барар жолда орналасқан бұл ірі қорым оғыз-қыпшақ дәуірінің пантеон десек те болады.

XVI-XX ғасырдың басындағы кесенелер тобы күйдірілген кірпіштен тұрғызылып, Сырдарияның төменгі ағысы бойына ислам дінін әкелген араб дін таратушыларының ұрпақтарымен байланысты – Мүлкәлән (Молдакалан), Қорасан ата, Қылышты ата, Асанас ата, Сүнбибі (Шыңқыз әулие), Құлболды ишан, Айқожа ишан, Қарасопы кесенелерін атауға болады [2, 87 б.].

Қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуындағы алғашқы ғасырлармен байланысты ескерткіштер – атап айтсақ, найман тайпаларының негізін қалаушылардың бірі Төлегетай ата кесенесі. Қамкесектен тұрғызылған ғұрыптық қоршаулар Алатағы қорымы мен Белең ана, сондай-ақ атақты мерген Байғана кесенесі, Бөрібай батыр және Бесқыз қорымындағы (Бестам) кесенелер де ерекше сәулет өнерінің туындылары. Олар Сарысу өзенінің төменгі ағысы мен Телікөл көлінің маңайында орналасқан.

XIX-XX ғасырдың бас кезеңіне жататын кесенелер зиратхана – ғұрыптық іс-әрекеттерге, Құран және намаз оқуға арналған бөлмесі бар кесенелер тобы Сарысу өзенінің төменгі ағысы мен Телікөл көлінің маңайында ғана кездеседі. Бұндай кесененің композициясынан осы өңірге тән қазақ кесенелеріндегі екі камералы құрылысты архитектуралық нұсқаның қалыптасқанын көреміз. Оның жоғары деңгейдегі көркем үлгілері Құлтан, Мұқылтам, Ахмет ишан, Ақтай кесенелері [1, 99 б.].

Сыр өңірінде халық арасына танымал киелі жерлердің бірі Оқшы ата мазараты болып табылады. Оқшы ата кесенесі қазіргі таңда Қазақстанның 100 киелі нысандардың тізіміне енген. Оқшы ата – Сыр бойы халқы әулие санайтын адам. Шын аты – Ибраһим шайхы, лақап аты – Көгентүп, ал Оқшы ата – кейіннен елдің берген есімі. Бұл оны Ысқақ бабтың баласы деп танығандықтан туған ұғым болуға тиіс. Оқшы түркі тайпаларының арасына ислам дінін таратқан әулие болып шығады. Түрколог Әуелбек Қоңыратбаевтың көрсетуінше, Оқшы ата – қару, оқ жасаған оғыз батыры. Қазір батырдың көне қорымы бар өңір кезінде шаһар болған деседі. Ел

ішінде IX–X ғасырлардан бастау алып, XV–XVI ғасырларда белгі қойылған қорымның күмбезіне қатысты аңыз-әңгімелер де аз емес [3, 46-47 бб.].

Елден қыз қоймай қалмақ батыры оның қарындасына да қол салмақ болады, сонда Оқшы Ата арпаның қылтығымен атып, қалмақ батырын өлтіріпті. Содан Оқшы батыр атаныпты.

XIY ғасырда Қожа Ахмет Иассаuidiң даңқты кесенесін Ақсақ Темір салғанға дейін осы Оқшы Ата жері ежелгі Тұран, Оғыздар мен Түркі-қыпшақтарының игі көсемдерін, әулие көрегендерін, батырлары мен шешендерін жерлеген қорымы болған екен. Оқшы Ата, Есабыз, Асан Ата, Ғайып Ата, Қыш Ата, Досбол би және Бала би сияқты ұлылар – халық зердесінде қалып отыр. Сыр бойы халықтарының тарихы, біздің ата - бабаларымыздың тарихы. Оқшы Ата бабамыз ғалымдардың зерттеуінше, XI ғасырда өмір сүріп, осы өңірді жаудан қорғаған батыр болған. Халық қамы, халық болашағы үшін арпалысып өткен ұлы тарихи тұлға. Ә. Қоңыратбаев: «Оқшы – Оғыз-қыпшақтың ұлы ханы Қазан Салардың батыры, әрі қару-жарақ соғатын ұстасы, шебері еді» - дейді [3, 201 б.].

Қандай болған күнде бұлтартпайтын шындық сол, Оқшы бабамызды аса киелі, әруақты адам екендігі, ондаған ғасыр бойы қасиетті мекеннің «Оқшы Ата» аталып, халық әруағына бас иіп, табынып, осынау құрмет ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, киелі орынға айналып келуі тегін емес.

Елбасы «Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі», – деген болатын. Оқшы ата мазаратындағы жеті әулие Сыр өңірінде үш үлкен зиярат кешендері болған. Бүгінше айтар болсақ, пантеондар. Мұнда қазақтың жеті әулиесі, сөзге шешен датқалары, батырлары жатыр.

Бүгінде осы құнды мұра ЮНЕСКО-ның ескерткіштер тізіміне ұсынылған. Жәдігерлер мемлекет қорғауына алынған.

Келесі нысанымызда Қазақстанның 100 киелі орындар тізіміне енген Қорасан ата кесенесі. Бар өмірі мен өнегелі тірлігі алты Алашқа мәлім, сонау Арабиядан Орта Азия, түркі, қазақ жерлеріне, соның ішінде Сыр бойына ислам діні мен мәдениетін алғаш әкелгендердің бірі – халықты имандылық парасатына тәрбиелеген Әбдіжалил баб еді. Халық аузындағы әңгімелерде ол Қорасан ата деп аталады.

IX ғасырда Иран мен Тұран бағытында қазіргі Орта Азия мен Қазақстанға ислам дінін тарату мақсатында Әбдірахим баб, Ысқақ баб және Әбдіжалил баб бастаған топ жіберіледі. Бұл уақытта Ысқақ баб пен Әбдіжалил бабтың әкесі Әбдірахман баб Шам шаһарының патшасы болған. Ол қайтыс болған соң орнына үлкен ұлы Ысқақ баб таққа отырып, патшалық құрды. Ал Әбдірахманның інісі Әбдірахим баб Бағдаттың (қазіргі Ирак), Әбдіжалил баб Иеменнің патшасы болатын [4].

Әбдіжалил баб ондаған мың қолмен Исфахан, Тебрих, Мазандеран, Балх шаһарларын басып алып, Иранның Хорасан қамалын қоршайды. Үш күн, үш

түн шабуылмен бұрын ешкім ала алмай жүрген 32 қақпалы Қорасан қамалын Әбдіжалил баб басып алады.

Әбдіжалил баб иемденген жеріндегі халықты ислам дініне кіргізіп, мешіт-медреселер салдырып, арабша сауатын ашып, мәдениетінің өсуіне де ықпал еткен. Қорасан өлкесінде де осындай игілікті тірлік жасаған. Осылайша Қорасан ата атанады. Ол ірі қолбасшы әрі жолбарыс жүректі батыр болған.

Қорасаннан қалың қолмен аттанған Әбдіжалил баб Сырдарияның сол жағалауындағы Қызылқұм өңіріндегі «Готықұс» аралына (қазіргі Жаңақорған ауданының аумағында) келіп табан тірейді. Осы жерді тұрақты мекен етеді. Мешіт-медресе салдырып, бала оқытады, емшілік істермен де айналысады.

Ислам діні мен мәдениетін Орта Азия мен Сыр бойында уағыздаудың көш басында тұрған Қорасан атаның қадір-қасиеті уақыт өткен сайын биіктеп келеді. Оның ұлылығына бас иген Қорасан атаның (Әбдіжалил бабтың) туған ағасы Ысқақ бабтың жетінші ұрпағы Қожа Ахмет Иассауи 63 жасқа келіп, қылуатке (жер асты мекені) түскенге дейін әр жылы Ораза, Құрбан айт намаздарында осы Қорасан ата басына келіп Құран бағыштап, Меккедегі Қағбатілланың осындағы көшірмесіне жүзін беріп намаз оқып қайтады екен.

Аңыз әңгімелерге сүйенсек, бамдат намазын оқып тұрғанда Қорасан атаның тұла бойы қорғасындай еріп тұратын болған екен. Ислам дінін уағыздаумен қатар жүйке, қояншық, шешек ауруларын емдеп жазатын болыпты. Қорасан ата өзі өлсе де рухы өлмей мазар басына түнеп, перзент сұраған ерлі-зайыптыларға ұл сұраса ұл, қыз сұраса қыз берген. Бұл жөнінде қазақ халқының эпостық жырларының бірі – Қобыланды батыр жырында Қорасан атаның киесі туралы айтылады [5].

Тағы бір деректерге көз салсақ, сол заманда бауыры Ысқақ бабпен бірге 150 мың әскермен дін жолындағы жорыққа аттанады. Шам қаласынан Бағдатқа, Исфаханға, одан Мазандеран, Серахс, Балх, Бұхара, Шахрисябзь, Самарқан, Өзгент және Ош шаһарларына ислам дінін орнатады. Ферғанаға жеткен кезде үш бағытқа бөлінеді: бірі – Қашқар мен Жаркентке, екіншісі – Сырдарияның сол жағасымен Жетікентке және Отырарға, ал үшіншісі Сырдарияның оң жағасымен Шаш (Ташкент) және Исфиджап (Сайрам) шаһарларына қарай аттанады.

Әбдіжалил баб Ходжентті (Сырдың Өзгенті немесе Қыр Өзгент) қоршау кезінде қаза болады. Мұны естіген бауыры Ысқақ баб әскерімен келеді де Ходжентті алып, Өтеміс ханды өлтіреді. Тұрғындарына мұсылмандықты қабылдатады. Аңыз бойынша оның лақап аты Қорасан екен. Қорасан аталуына себеп болған жәйт: шешек шыққан жанның үстінен аттаса, науқас көп ұзамай сауығып кететін көрінеді. Қорасан ата (Әбдіжалил баб) мен оның ұлы Хұсайын баба (Хұсайын Ғази) зираттары қазіргі Жаңақорған ауданының жерінде орналасқан [5].

Қорасан атаның қасиетіне тәнті болған халық кесенесіне зиярат жасап, Құран бағыштап, Алладан тілек тілейді.

Оқшы ата, Қорасан ата – киелілер ордасы. Қойнауы құпияға толы Сыр өңірінде көненің көзі де, бүгіннің өзі де бар. Қасиетті Сыр топырағы бүкіләлемдік тарихта өзіндік орны бар өлке. Ата-бабамыздың ежелден кіндік қаны тамып, ұрпағын өрбіткен киелі мекенінде бүгінгі кезеңде жадыңнан өшпейтін асылдың сынағындай небір мұраларымыз бар. Ежелгі өркениеттің белгісі ретінде сыры кетсе де сыны кетпеген ғажайып тарихи ескерткіштер мен мазарлар соның куәсі. Осындай тарихи мұраларды қорғау – халқымыздың сан мың ғасыр бастан кешкен тарихын, мәдениетін, өнерін, салтын, тілін қорғау деген сөз. Осы бағытта тарихи-археологиялық және сәулеттік ескерткіштерді қайта қалпына келтіру, сондай-ақ жұртшылыққа олардың құндылығы мен маңызын таныту, жас ұрпақ тәрбиесіндегі алар орнын арттыру жөнінде біршама іс-шаралар жүргізіліп отыр.

Қазақстанның киелі жерлерінің картасына Қызылорда облысынан 12 ескерткіш енді. Олардың қатарында археологиялық Сығанақ, Жанкент, Шірік рабат, Жент қалашықтары бар. Сонымен қатар Қорқыт ата, Оқшы ата, Қорасан ата кесенелері де осы тізімді толықтырды. Келесі жылы көне қалалардың орнында қазба жұмыстары жалғасын табады. Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі мекеме мамандары киелі жерлер картасына Сыр өңірінен тағы 9 нысанды ұсынбақ. Одан бөлек өңірлік маңызы бар 35 ескерткіштің қорғау аймағы белгіленді. Аймақта музей экспозицияларын жаңарту сынды жобалар да қолға алынуда. Ғалымжан Садықов, облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау мекемесінің бөлім басшысы: «Енді Қызылорда облысы бойынша алдағы жылдарда осы орталық қызметкерлері тарапынан қасиетті орындарға экспедиция ұйымдастырылады. Соның нәтижесімен үлкен энциклопедиялық жинақ пен Қазақстанның киелі жерлерінің интерактивті картасы әзірленеді» - дейді [6]. Бұл қаралған мәселелер мен қабылданған шешімдер Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында көрсетілген басымдықтарға негізделіп отыр.

Сананы жаңғырту жұмысы мәдени жадқа, символикалық, киелі және мәдени-тарихи нысандарға негізделуі тиіс. Киелі жерлер немесе рухани қасиетті орындар – халықтың рухани дәстүрінің тірегі. Сыр бойында осындай орындар көп.

Көз ілеспес шапшаңдықпен даму үстіндегі жаһандану дәуірінде ұлттық жадымыз бен ел тұтастығын, рухани қазыналарымызды сақтап қалу — аса маңызды. Тәуелсіздігіміздің алдыңғы ширек ғасырын, тарихымыздың алғашқы бөлімі деп алсақ, енді ел тарихының негізгі бөлімі басталды деуге болады. Елбасымыз мемлекетіміздің қарыштап жан-жақты дамуы үшін қоғамды модернизациялауды жіктеп берді. Осы ретте Қызылорда облысы еліміздегі рухани мәселелерде алдағы орында болуы тиіс. Өйткені, қаймағы бұзылмаған Сыр елі — Алаштың анасы!

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сыр елі. Қызылорда обл. энциклопед. - Алматы, 2005. - 496 б.
2. Сырдария (Тереңөзек) ауданы. - Алматы, 2009. - 108 б.
3. Қоңыратбаев Т. Ертедегі ескерткіштер. - Алматы, 1996. - 236 б.
4. Қызылорда облыстық тарихи ескерткіштерді қорғау мекемесінің мәліметі.
5. Айнабеков Б. Хорасан Ата. «Ана тілі» ұлт газеті. Электрондық ресурс: <http://anatili.kazgazeta.kz/?p=18787> (айналым мерзімі 28.03.2014 ж.)
6. Тәжекеев Ә. Сыр өңіріндегі киелі орындар. «Сыр бойы» Қызылорда облыстық газеті. Электрондық ресурс: <http://syrboyi.kz/negizginews/15761-syr-rndeg-kiel-oryndar.html> (айналым мерзімі 05.12.2017 ж.)

СОВРЕМЕННЫЕ ФОРМЫ ПРОЯВЛЕНИЯ РЕЛИГИОЗНОГО ЭКСТРЕМИЗМА И ТЕРРОРИЗМА В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

*Байтенова Н. Ж. - д.филос.н., профессор
Кафедра религиоведения и культурологии
КазНУ им. аль-Фараби*

*Шойбек Б.
Магистрант, религиоведение,
Кафедра религиоведения и культурологии
КазНУ им. аль-Фараби*

В современном веке терроризм и религиозный экстремизм превратились в одну из самых сложных социальных проблем, став частью политики и инструментом проведения внешнеполитической деятельности для достижения геополитических целей отдельных держав, сил и движений на мировой арене.

Терроризм - это сложное социально-политическое явление, в основе которого лежит спектр социальных противоречий, включающий экстремистскую террористическую идеологию, структуры для проведения террористических действий. При этом терроризм представляет собой одну из разновидностей политического экстремизма и относится к той области политической борьбы, которая использует насильственные формы и методы. «Экстремизм порождает социально-экономические кризисы, деформация политических институтов, резкое падение жизненного уровня, ухудшение социальных перспектив значительной части населения, доминирование в обществе чувств, настроений хандры, пассивности, социальной и личной нереализованности, неполноты бытия, страх перед будущим, подавление властями оппозиции, инакомыслия. Социальную базу экстремизма составляют маргинальные слои, представители националистических, религиозных движений, недовольные существующей политической реальностью интеллигенция, молодежь, студенчество, военные». Справедливо считается, что терроризм как социальное явление в последние 5-10 лет превратился в острейшую глобальную проблему, требующую не только адекватного и оперативного государственного и общественного контроля, но и объединения на платформе антитеррористической деятельности усилий ученых и практиков. Обращая на это внимание, специалисты подчеркивают: терроризм - это именно та угроза, против которой еще не найдены серьезные защитные механизмы. Надо иметь в виду еще и их далеко идущие социальные последствия. Отмечается, что терроризм - явление социальное, террорист живет в обществе, находится под его влиянием, воздействует на него и эволюционирует вместе с ним. По мнению турецкого ученого-богослова А.Гюнеша, терроризм является социальным феноменом, не теряющим своей актуальности. Как известно социальные